

# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Дүниежүзін игеру және жоғарғы  
палеолиттің ғаламдық мәдениеті





Кітап: **Панорама: Дүниежүзі тарихы, I**

Дәріс: **3. Дүниежүзін игеру және жоғарғы палеолиттің ғаламдық мәдениеті**

**Кілт сөздер:** гоминин, генетика, Neanderthal, агрессия, «антисоциалдық», Жаңа Гвинея, символ, Jebel Sahaba, Кловис.

Естеріңізге салайын, хронологиялық кезең бойынша бұл тарауда біз тас дәуірінде, нақтырақ айтсақ б.з.д. 7,000,000–10,000 жылдар аралығын қарастырып жатырмыз.

Бұл дәрісте біз Панорама бойынша алғашқы тараудағы мәселелерді ары қарай жалғастырамыз. Бүгін сіздермен дүниежүзін игеру барысындағы өзгерістер, Хомо сапиенстің не себепті жер бетінің негізгі тұрғынына айналғаны туралы ақпарат және жоғарғы палеолиттің ғаламдық мәдениетімен танысып өтеміз.

Біз шамамен 70 пен 10 мың жыл бұрын адам баласы бір-бірінен барынша алшақ жатқан Солтүстік-Батыс Еуропаға, Оңтүстік Австралияға, Шығыс Канада мен Оңтүстік Американың алыс түкпіріндегі аймақтарға кең тарағанын білеміз.

Ежелгі адамдардың пайда болу аймағы – Африка дегенді еске түсірсек, адамзат баласының Африкадан басталған көші қай жаққа қарай жүргенін зерттеп көрейік.

Қолда бар дерекке сүйенсек, кем дегенде 115 мың жыл бұрын адамдардың шағын тобы Ніл алқабы арқылы Синай түбегінен өтіп, қазіргі Израиль орналасқан аймақта қоныс тепкен. Оңтүстік-Батыс Азияға қарай көшкен бұл топ алысқа ұзамаған, себебі адамдардың осы уақытта Еуразияның ішкері аймақтарына қарай жылжығанын дәлелдейтін ешбір дерек жоқ. Генетикалық мәліметтер көрсеткендей, 90–70 мың жыл бұрын Еуразияны тұрақты түрде игеруді бастаған алғашқы тұрғындар Қызыл теңіздің африкалық жағалауын 55 мың жыл бойы мекен еткен. Кейін олардың Қызыл теңіздің оңтүстігі арқылы Араб түбегіне жүзіп жеткені белгілі болды, алайда қайықтарының болғаны жайлы деректер жоқ.

Авторлардың берген деректері бойынша Араб түбегінен шығысқа қарай қоныстанған адамдар топтарының салыстырмалы түрде аз уақыт ішінде (мыңжылдықтар бойы) дамуына табиғат жағдайының қолайлығы және жеуге жарамды өсімдіктер мен жеміс-жидектердің молдығы септігін тигізген.

### **Оңтүстікке: Австралияға бағыт алу**

Ғалымдардың зерттеулерінде Австралияның оңтүстік-шығысындағы Мунго көлінің маңында табылған скелеттік қалдықтар, адам баласының осы құрлыққа ең алғаш рет Оңтүстік-Шығыс Азиядан 60 мың жыл бұрын келгенін көрсетеді. ДНҚ зерттеулері Оңтүстік-Шығыс Азияны мекендейтін тұрғындар мен жергілікті халықтың (аборигендер) осыдан 55–60 мың жыл бұрын бір-бірінен ажырағаны жайлы болжамды растады. Плейстоцен кезеңінің климаты поляр мұздықтарының ерімей сақталуына ыңғайлы жағдай жасаған, нәтижесінде, теңіз деңгейі төмендеп, Индонезия архипелагын құрайтын мыңдаған аралдар арасын жалғаған табиғи көпірлер пайда болған. Көп ұзамай, шағын қауымдар ағаш діңінен, бамбуктан жасалған салдар арқылы бір-біріне жақын орналасқан аралдарға жүзіп баруға немесе құрлықтың батысынан шығысына қарай кедергісіз көшкен. Теңіз деңгейінің төмен кезінде Австралия, Жаңа Гвинея мен Тасмания Сахул атты тұтас бір құрлықты құраған. Теңіз арқылы небәрі 80 км ғана жүзіп, Жаңа Гвинеяға жетіп алған адамдар, оңтүстікті бетке алып, сапарларын жаяу-ақ жалғастыра алды. Бірінші келген ондаған адамның өзі-ақ тұрақты өсіп-өну арқылы Австралияның бастапқы халқын құраған болар, сондай-ақ, алғашқылар салған жолмен көші кейін де жалғаса бергені анық.

Плейстоцен кезеңі жер бетін мұз құрсауынан босатқаннан кейін көтерілген су Австралияны Жаңа Гвинеядан қайтадан ажыратты. Біртұтас Сахул құрлығы жоғалған кезде адамзат баласы Австралияны өз үйіне айналдырып үлгерген еді. Қалай дегенмен де, адамдар Оңтүстік Австралияны 35 мың жыл бұрын игергені туралы авторлар нақты дәлелдемелер келтіреді.

### **Еуропаны игерушілер**

Ежелгі адамдар 100 мың жыл бұрын Жерорта теңізінің шығыс бөлігіндегі жерге қоныстанғанына қарамастан, Еуропаға немесе Еуразияның басқа да батыс аймақтарына қоныс тебуі 60 мың жылға шегерілді.



Құрлықты игерудің осынша уақытқа тоқтап қалуының себебі неде? Теориялардың біреуі 80–40 мың жыл бұрын Еуропаның көп бөлігін басып жатқан мұздықтар Хомо сапиенс тіршілігі үшін өте қолайсыз болған деп түсіндіреді. Оған қоса, ол кездегі адамдар не жылу сақтайтын баспана тұрғызуды, не жылы киім пішу мен аяқкиім жасауды білмеген. Дегенмен Неандерталь адамы жылуды сақтауға ыңғайлы жуан сүйекті мығым, төртбақ денесінің арқасында мұз басқан Еуропаны мекеніне айналдыра алды.

Осыдан 40–50 мың жыл бұрын мұздықаралық жылымық кезеңі басталды. Бүгінгі күнмен салыстыруға келмейтін шөбі шүйгін, шалғынды, қоңыржай климаты бар Оңтүстік-Батыс Азияны қоныстану ары қарай да жалғасты.

Келесі 20 мың жыл көлемінде терімшілер мен аңшылар қауымы біртіндеп солтүстікке қарай жылжып, Еуропаның Атлантика жағалауынан басталып Сібірге дейін жалғасқан қоңыржай белдеуге тарады. Шамамен 30 мың жыл бұрын ауа температурасы қайта төмендеді, бірақ адамдар жаңа еңбек құралдары, қару-жарақ жасау нәтижесінде тіршілігін жалғастыра берді. Алайда Солтүстік Еуразияның қатаң климаты өмір сүруге тым қолайсыз болған кезде, адамдар оңтүстікке қарай шегінуге мәжбүр болды. Бірақ түбінде Хомо сапиенс бірте-бірте қысқа төтеп беруді үйренді.

## Америка фронтирлері

Австралия сияқты Америкада да Хомо сапиенс пайда болғанға дейін ешқандай адам тұрмаған. Хомо сапиенс қауымы Америкаға Солтүстік-Шығыс Азия арқылы тарағаны жайлы пікірді ғалымдардың басым көпшілігі қолдайды.

Соңғы жарты ғасыр бойы палеоантропологтар арасында ең алғашқы адамдар легі Сібірден Аляскаға өту арқылы Солтүстік Америкаға тарады деген пікірді ұстануда, яғни көш Еуразияны Америкадан бөліп жатқан ені 86 км болатын теңіз жолы, қазіргі Беринг бұғазы арқылы жүрді.

Бүгінгі таңда Беринг бұғазы Еуразияны Америкадан бөліп жатыр, ал 18 мың жыл бұрын ғаламдық температура көтеріле бастаған кезде өсімдіктер мен жануарлардың мекеніне айналған. Ал шамамен 12 мың жыл бұрын (б.з.д. 10 мыңыншы жыл) Беринг мойнағы көтеріліп келе жатқан теңіз суына төтеп бере алмады, бірақ ол уақытқа дейін алғашқы америкалықтар қалыптасып үлгеріп, оңтүстікке қарай тарай бастайды.

Америкаға алғаш қоныстанушылардың саны мен нақты шығу тегі жайлы көптеген сұрақтар шешімін таппай келеді. Қалай дегенмен, кейінгі қазба материалдары мен ДНҚ талдамасы нәтижелері қоныстанудың бірнеше толқынмен жүзеге асқанын көрсетеді. Вашингтон штатынан, Невададан, Миннесотадан, Бразилиядан және тағы бірнеше жерлерден табылған қаңқа қалдықтарының сүйек құрылысы Американың кейінгі үндістерінікінен мүлдем өзгеше. Бұдан шығатын қорытынды: шамамен б.з.д. 10 мың жылдан ертеректе Азияның бірнеше бөлігінен шыққан адамдар тобы Солтүстік Америкаға әртүрлі уақыттарда келген. Екінші жағынан, соңғы генетикалық зерттеулер Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Американың жергілікті халықтары мен Сібірдің жергілікті тұрғындарының түбі бір екенін көрсетті. Бұл Солтүстік-Шығыс Азиядан Солтүстік Америкаға көшкен бір топ адамның Американың барлық байырғы халқының ата тегі екенін дәлелдейді.

Осыдан адамдар Солтүстік және Оңтүстік Америкаға құрлық арқылы ма, әлде жағалау арқылы қоныстанды ма деген сұрақ туады.

Ғалымдардың пайымдауларына сай, Аляскаға алғаш келген адамдар ғаламдық температура жылынған тұста Канаданың алып екі мұз жабындысы арасындағы ішкі жасыл белдеу арқылы көшкен, ал кейіннен жан-жаққа шашырап, нәтижесінде Солтүстік және Оңтүстік Американың барлық дерлік жерін қоныстанады. Ол қоныстану қалай жүргені жайлы авторлар бірнеше болжамдар келтіреді. Мысалы, Тынық мұхитының жағалауымен жүзіп отыруға лайық, мықты, терімен қапталған қайықтары болған шығар делінеді. Алайда осыдан 6 мың жылға дейін Тынық мұхиты жағалауында қайық болды дегенді растайтын ешқандай заттай дерегіміз жоқ. Бұдан бөлек, қоныстану жағалау арқылы жүрді деген теория әлі де ғалымдардың қызығушылығын тудыруда. Өйткені осы теориядан Американы қоныстанудың мерзімі жайлы бірнеше сұрақтарға шындыққа жанасатын жауап табуға болады. Мысалы, Берингиядан 10 мың миль қашықтықта



орналасқан Чилидің Монте Верде деген жеріндегі археологиялық қазба ескерткіштердің мерзімі осыдан 14500 жыл бұрынғы уақытқа жататыны анықталды. Осындай аса зор қашықтықты небәрі бірнеше мың жыл ішінде қалай басып өтуге болады? Миға қонымды жауаптың біреуі мынадай: көш Солтүстік және Оңтүстік Американың батыс жағалауын төменге бойлай жүрді және жолдың бір бөлігін қайықпен жүзіп өтті.

Ғалымдар сондай-ақ адамзат баласының Солтүстік Американың шығыс бөлігіне Тынық мұхиты жағалауынан қазіргі Құрама Штаттардың оңтүстік-батыс бөлігін кесіп өту арқылы Мексика шығанағына дейін, бірнеше ұрпақ ауыстыра отырып жетті деген негізсіз болжамдар да жасайды. Сол жерден олар Миссисипидің шығысындағы орманды алқаптарға және еріп жатқан мұздықтардың оңтүстігіне қарай жылжуы мүмкін. Осы болжамды растайтын археологиялық қазба деректерімен кітаптың бірінші бөлімін қарастыру арқылы таныса аласыз. Солардың ішінде ғалымдар арасында қызу пікір-талас тудырған Кенневик адамы туралы ақпаратты міндетті түрде шолып шығыңыздар.

### **Хомо сапиенс – жер бетінің негізгі тұрғыны**

Халық санының өсуі ғаламды қоныстанудың негізгі факторы болғаны сөзсіз. Генетикалық зерттеулер көрсеткеніндей, небәрі 70 мың жыл бұрын Хомо сапиенстердің барлық саны бар жоғы 10 мыңдай ғана болған. Олардың өзі тек Африкада ғана өмір сүрген. Кейін олардың нақты санына қатысты ешкім есептеп бере алмағанымен, болжам бойынша жер-жаһанды қоныстанған адамдар саны осыдан 30 мың жыл бұрын 300 мыңға, ал 10 мың жыл бұрын 6 миллионға жетуі ықтимал.

Қауым тым үлкейген жағдайда бірлесе ұжымдасып еңбек ету мен өзара бөлісуді қиынға соғуы мүмкін еді. Әлеуметтік шиеленісті болдырмаудың бір жолы қауымның бірнеше мүшесіне көршілес аймаққа кетіп, жаңа қауым құру.

Бұған қоса, Хомо сапиенстің жер бетіне тарала қоныстануына экологиялық өзгерістер де әсер етуі мүмкін. Негізінен, күн көру мен ұрпақ жалғастыру жолында қауымдар бір-бірінен ажырап, жаңа жерлерге қоныстанып отырды.

Хомо сапиенс дүниежүзін шарлаған кезде гомининдердің басқа түрлері әлі де бар ма еді? Неандерталь, Денисов адамының болғаны анық, Флорес адамы да, бәлкім Хомо эректус те болған шығар. Индонезияның Ява аралынан табылған сүйектерді зерттеу барысында Хомо эректустың әлемнің осы бөлігінде осыдан 50 мың жыл бұрын өмір сүргені анықталды. Бұл деректің растығы дәлелденсе, Хомо сапиенс Хомо эректус тобырын көруі, тіпті, олармен қатар біраз өмір сүруі де мүмкін. Алайда уақыт өте келе Хомо сапиенстен басқа гомининдер жер бетінен жойылып кетті. Ғалымдардың болжауынша, қазіргі адамдардың ақыл-ой мүмкіндіктері басқаларды алдап соғуға, ығыстыруға және олардан саны жағынан асып түсуге жарайтын еді. Сондай-ақ, осыдан 40 мың жылдан бергі мыңжылдықтарда Еуропаға қоныстанған Хомо сапиенс осы жерде тұрақтаған Неандертальдарды терімшілік пен аңшылыққа жарамды жерлерден ығыстырды. Кейін шамамен 30 мың жыл бұрын мұздықтар қайта бері жылжып, ауа температурасы төмендеген кезде адам баласы Неандертальға қарағанда Еуропаның солтүстік аймақтарында тіршіліктерін ары қарай жалғастыруға әлдеқайда қабілетті болып шықты. Сондықтан кітап авторлары Хомо сапиенсті соңғы тірі қалған гоминин деп көрсетті.

Росс Дан мен Лора Митчелл әлемдегі халықтар бір-біріне неге ұқсамайды деген қызық сұраққа жауап іздегенін атап өту керек. Олардың айтуынша, ата-бабаларымыз бір-бірінен қатаң өзгешеленетін климаттық белдеулерде тұрған. Шаш пен тері түсі, көз қиығы, танаудың жалпақтығы, дене бітімі сияқты белгілердегі айырмашылықтар нақты физикалық және табиғи ортаға бейімделудің нәтижелері немесе генетикалық түрленудегі қарапайым сәйкестік. Осы әлеуметтік және мәдени тұрғыдағы айырмашылықтардың әртүрлілігін айқындау үшін бүгінгі таңда нәсіл сөзі қолданылады, бірақ беделді ғалымдар мен тарихшылар адамзатты «нәсілдерге» бөлетін ұғымнан бас тартқан, нәсілдердің үшеуі немесе үш жүзі болуы маңызды емес дейді олар. Біздің гендеріміздің жалпы санымен салыстырғанда адамдар арасындағы генетикалық өзгешеліктің ешқандай маңызы жоқ деген ұстанымға келеді.



## Жоғарғы палеолиттің ғаламдық мәдениеті

Адамзат баласы өзінің ерекшелігін символ арқылы осыдан 80 мың жылдан аса уақыт бұрын көрсете бастаған. Олар моншақтан тізілген алқа тақты немесе денелерін жосамен бояды. Адамзат мәдениетінің дамуы сөйлеп үйренумен тығыз байланыста, қатар жүрген сияқты. Келесі он мыңдаған жыл бойы сөз, ымдау, көзге көрінетін белгілер арқылы жеткізу қабілеті алдымен адамзаттың Африкада жүрген кезінде, содан кейін Хомо сапиенстің қоныстанған жерінің бәрінде бірте-бірте дами түскен болар.

Бұдан бөлек, біз әртүрлі аймақтарды мекендеген қауымдар еңбек құралдарын жасауда, баспана тұрғызуда немесе тастан жануарлар мүсінін қашау сияқты заттар жасауда бір-бірінен айқын өзгешеленетін әдістерді өз беттерінше дамытқанын археологиялық деректерден көреміз. Кейін сөйлеудің пайда болуы нәтижесінде түрлі тәсілдер бір қауымнан екінші қауымға кеңінен тарап отырды. Сол кездің өзінде тамақ, құрал немесе әшекей бұйымдармен айырбас жасау жолдары да пайда болды. Қауымдар тіпті піл сүйегін, қабыршақтар, акула тістерін, жоғары сапалы шақпақтас сияқты басқа да қолданысқа немесе бұйымдарға керек заттарды айырбастау үшін айырбас желілерін құрды.

## Әлеуметтік-экономикалық өмір

Ежелгі кезеңде адамдардың бірлескен тобы әдетте 20–30 адамнан құралған, кейде жергілікті экожүйеге орай олардың саны 100-ге де жеткен. Олар бірігіп аң аулаған. Батыс Еуразиядағы тайпалар азығын табу үшін бірлесіп қимыл жасау керек болды. Еуропаның кейбір учаскелеріндегі жануарлардың сүйектерінің көптеп табылуы отбасылар бір-бірімен азық-түлікпен барынша бөліскен деген тұжырымды растайды. Осылайша еңбек бөлінісінің болғанын да көреміз.

Шамамен 14 мың жыл бұрын тайпалар өзендердің бойында орналасып, көбіне балық аулаумен айналысқан. Олар балықты тазалау, кептіру және сүрлеу әдістерін қолдана білген.

Солтүстік Америкада қоныстанған аңшылар бизондарды аулауда бірнеше әдістер қолданған. Шамамен 11 мың жыл бұрын өткір ұшы бар құралдар жасай бастаған. Мысалы, жоғарғы палеолит кезіндегі Ішкі Еуразиядағы мамонттардың, Австралиядағы ірі қалталылардың, Америкадағы аттар мен түйелердің жойылып кетуі.

Кейбір археологиялық қазбалар кемінде 25 мың жыл бұрын кейбір адамдар таңдаулы әшекейлермен және көптеген басқа бағалы заттармен сәнделіп жерленгенін көрсетеді. Бұдан біз сол кездің өзінде топтардың арасында лидерлердің болғанын байқаймыз.

## Техникалық ғажайыптар

Шамамен 30 мың жыл бұрын жер шарының температурасы түскенде, нақтырақ айтсақ мұз дәуірі басталғанда адамдардың ойлау қабілеті тез дами бастағанын көреміз. Әсіресе Солтүстік Еуразияда өмір сүру үшін дене температурасын жылы ұстап тұру керек болды. Сол дәуірде Шығыс Еуропада және Ішкі Еуразияда тұрып жатқан топтар баспаналарын ағаштан немесе жануарлардың сүйектерінен салған, ал Ресейдегі Дон өзенінің маңында табылған баспаналар мамонттың сүйегімен, оның үстінен аң терісімен жабылғанын дәлелдеді.

Бұдан бөлек, сол дәуірдегі адамдар тері мен тондар киген. Соңғы кездегі археологиялық қалдықтар Грузиядан 34 мың жыл бұрын жасалған зығырдан жасалған түрлі түсті талшықты (жіп) тапқан. Ал шамамен 20 мың жыл бұрын иненің табылуы сол кездегі адамдардың киім тігіп үйренгенін дәлелдейді.

Сол дәуірдегі технологияның дамуына мына ақпарат та дәлел бола алады. Солтүстік Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азияда адамдар шақпақтастан немесе басқа ұсақ тастардан пышақтың жүздерін жасаған. Оларды кейін найза, қырғыш құралдары және пышақ ретінде қолданған.



## Символдар әлемі

Таңбалардың табылуы сол дәуірде өнердің болғанын дәлелдейді.

Жоғарғы палеолит дәуіріне жататын жартасқа салынған суреттер, адамдар мен жануарлардың кескінді фигуралары, сүйектерге салынған өрнектерден сол дәуірде өнердің дамығанын көре аламыз. Испанияның солтүстігінде және Оңтүстік-Батыс Францияда жартасқа салынған суреттер көп кездеседі, ол аумақта көбіне терең әктас үңгірлер және жаңбыр мен желден қорғалған баспаналар орналасқан, ал Шығыс Еуропада үңгір баспаналары сирек кездесетіндіктен, ондағы адамдар кішкентай тасымалдауға ыңғайлы мүсіндерді көп жасаған.

Тіпті, сол кезде музыканың да болғанын Батыс Еуразияда табылған ұзын сүйектерден жасалған, саусақтарды ілетін жырықтары бар 30-дан астам аспаптар дәлелдейді. Бұл аспаптар шамамен 37 мың жыл бұрын жасалған деп тұжырымдалады.

Авторлардың айтуынша, палеолит кезіндегі ерлер мен әйелдердің суреттер, кескіндемелер, тастағы өрнектер немесе музыка арқылы нені түсіндіргісі келгенін айту қауіпті. Мысалы, бүкіл Еуразияда Батыс Еуропадан Сібірге дейін таралған, Германияда табылған «Венер» әйел мүсіншелерін алайық (кем дегенде 35 мың жыл бұрын жасалған). Олардың ерекшелігі: кеуде және бөкселердің үлкендеу қылып жасалуы. Не үшін олай жасады? Еркектің көзін қызықтыру үшін бе? Бұл да ұзақ пікірталас туғызатын мәселе.

## Қорытынды

Ежелгі адамдар мұзды мұхиттан басқа қазіргі әлемнің көп бөліктерінде қоныстанған.

Олар Солтүстік-Батыс Еуропа, Оңтүстік Австралия, Шығыс Канада және Оңтүстік Америкаға дейін қоныс аударған.

Адамзат баласы қай бағытта жүру керектігін түсінбеді, дүниежүзіне қоныстану жайлы ешқандай түсінігі болмады. Бірақ бұл жағдай олардың өздері тұрған аумақта шектеліп қалуына кедергі болмады. Ежелгі адамдар азық-түлікті іздеп, өмір сүруге тіршілік жасау үшін Африкадан шығысқа қарай аттанды.

Дегенмен олар алғашқы қадамдарға жету үшін 40 мың жыл өткеннен кейін Африкадан шығысқа қарай шығады. Егер біздің түріміз ымдасу арқылы өзара түсінісуге негіз болмаса және осы арқылы көбеюге ықпал етпесе, планетадағы адамның қоныстануы әлдеқайда ұзақ уақытқа созылатын еді.

Адамзаттың мәдени өмірі өткен 100 мың жылда біртіндеп пайда болды. Содан кейін, шамамен 40 мың жыл бұрын, оның күрделілігімен жылдам бола бастады. Бұл жағдайды символдық объектілер мен суреттердің таралуынан байқауымызға болады.

## Сұрақтар

1. Оқулық авторлары не себепті алғашқы адамдардың тарала қоныстану процесін «Әлемді отарлау» деген контекспен берген?
2. Адам түрлерінің әртүрлі болуы туралы теорияны Сіз қалай талдар едіңіз?
3. Соңғы тас ғасырының ғаламдық мәдениетке қосқан үлестері қаншалықты маңызды?

## Әдебиеттер

1. Robert J. Wenke, *Patterns in Prehistory: Humankind's First Three Million Years*, 5th ed. (New York: Oxford University Press, 1990), 103.
2. Richard Leakey, *The Making of Mankind* (New York: Dutton, 1981), 117.
3. David Christian, *Maps of Time: An Introduction to Big History* (Berkeley: University of California Press, 2004), 146–148.





Кітап: Рапорта: Дүниежүзі тарихы, I

Дәріс: 3. Дүниежүзін игеру және жоғарғы палеолиттің ғаламдық мәдениеті

---

4. Christopher Stringer and Robin McKie, African Exodus: The Origins of Modern Humanity (New York: Holt, 1996), 117.

5. Elizabeth Wayland Barber, Women's Work: The First 20,000 Years: Women, Cloth, and Society in Early Times (New York: Norton, 1994).